

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 4 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области  
лингвистики и языкознания

**Подписной индекс – 76132**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JCWR3653>

**Э. С. Құрманғожаева<sup>1</sup>, С. Н. Сүтжанов<sup>1</sup>, Б. Ш. Құралқанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Алматы менеджмент университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>2</sup>Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **БЕРНИЯЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СИМВОЛИЗМ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

*Мақалада Бернияз Күлеев лирикасындағы символдың табиғаты сараланып, қолданыс аясы, көркемдік ерекшелігі талданған. Б. Күлеев – символист ақын. Б. Күлеев шығармашылығы ұзақ жылдар бойы дәуірдің тынысына, заманның қытымыр қабағына байланысты күрделі, қайшылықты тұрғыда бағаланып келді. Ақын өлеңдерінің сипатына қарап отырып, оның көңіл-күйді көп жырлауы ақынның өзінің басын ғана күйттеген, өзімің дарашыл пиғылдан тумағандығына көз жеткіземіз.*

*Қазақ символизмінің ірі өкілі Мағжан болса, соның қатарында Бернияздың да есімі аталады. Жалты, символизм әдеби ағым ретінде алғаш Еуропада XIX ғасырдың аяғында, ал Ресейде XX ғасырдың басында пайда болып, қалыптаса бастады.*

*Сондай-ақ, қазақ әдебиетіндегі символизмді қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан, символдың образдылық сипатын аталмыш ақын поэзиясы арқылы көрсету біршама айқындалған. Бұл – еңбектің көлемді болмаса да, өзектілігін айқындары анық. Мерзімді басылымдар мен әртүрлі ғылыми-теориялық әдебиеттерде осы мәселе қозғалып, белгілі бір деңгейде зерттелгенімен, әлі де оның көрінісін зерттеудің маңызы зор. Мақалада аталмыш ақынның өлеңдеріндегі символдың көркемдік ерекшеліктерін әдеби негізде зерттеуді тиімді деп тауып, барыниша көкейкесті мәселе ретінде қарастыру көзделінген.*

*Кілтті сөздер: лирика, символизм, әдеби ағым, символ табиғаты, образдылық, лирикалық бейне.*

### **Кіріспе**

XX ғасырда қазақ қоғамы үлкен сілкіністер мен ояну кезеңін бастан кешті. Бұл кезең Шығыс халықтарының ойлау қабілеті мен сауаттылығы дами бастаған кезең болды. Әртүрлі сипатта оқу-білім, баспасөз, мәдениет

мәселелері қозғалды. Әрине, бұл іс-әрекеттерді халықтың қажырлы ұлдары мен елдің ертеңіне алаңдаушы арыстар жасады.

Ғасырлар бойы Ресей империясының езгісінде болған бұратана халқытар азаттыққа ұмтылды. Өйткені келешекте келер ұрпақтың өз тілін, дінін, менталитетін ұмытып кету қаупі туды. Ресей империясы қазақ халқын мәңгүртке айналдырғысы келді. Алайда бұл ойлары жүзеге асқан жоқ. Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев сияқты азаматтар өз халқын сауатты болуға, ой өрісін дамытуға, өркениетке ұмтылуға шақырды. Ол кездегі оқулар орыс немесе араб-парсы тілдерінде болғандықтан, қазақ тілі алынып тасталды. Сондықтан олар баспасөзде де, өз еңбектерінде де мүмкіндігінше қазақ тілін қолданып, қазақтардың өз тілі мен дінін ұмытпауына көмектесті. Олар үгіт-насихат тұрғысынан ағартушылық танымдағы еңбектер жазды.

Міне, осындай қиын-қыстау кезеңде өмір сүріп, жазықсыз айыпталған саңлақтарымыз аз болған жоқ. Солардың қатарында аты аталмай келген, көпшілікке етене таныс емес бір есім бар. Ол – ХХ ғасырдың басында өмір сүрген дарынды ақын, қоғам қайраткері Бернияз Күлеев.

Б. Күлеев шығармашылығы ұзақ жылдар бойы дәуірдің тынысына, заманның қытымыр қабағына байланысты күрделі, қайшылықты тұрғыда бағаланып келді. Зерттеуші-ғалымдардың көпшілігі ақынның көңіл-күй сезімдеріне көп берілуін, бірыңғай махаббат пен сезім күйлерін суреттеуін мансұқтап, тұжырымдар жасады. Ақын өлеңдерінің сипатына қарап отырып, оның көңіл-күйді көп жырлауы ақынның өзінің басын ғана күйттеген өзімізді, дарашыл пиғылдан тумағандығына көз жеткіземіз.

Бернияздың ақындық қуаты мен шығармашылығының қайнар көздері лирика жанры екенін оның шығармашылығы туралы жазылған зерттеу еңбектерінен байқап, бағамдауға болады [1].

**Зерттеудің нысаны:** Б.Күлеев шығармашылығы

**Зерттеудің пәні:** Б.Күлеев лирикасындағы символизм элементтерінің көрініс табуы

**Мақсаты:** Бернияз Күлеев лирикасындағы символдың табиғатын саралап, қолданыс аясын, көркемдік ерекшелігін талдау.

**Міндеттері:**

- символизм ағымының кейбір теориялық мәселелеріне тоқталу;
- ақын лирикасындағы символизм көрінісін талдау.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижелері**

Жас Бернияздың әдебиеттің алдыңғы қатарына шығуы үлкен төңкеріс қарсаңында болды. Сондықтан ол сол кездегі қазақ ауылының өміріндегі маңызды мәселелерден айналып өте алмады. Бостандық тақырыбында ақын «1916», «Бостандық күні», «Бұлтқа» өлеңдерін арнайды.

Б. Күлеев – сөз тіркестерін, әдемі өрнектерді, метафораларды қолдана отырып, жұмбақ сурет, бейнелі образ жасау шебері. Ақынның «Көңіл» өлеңіне назар аударсақ:

Көңіл деген – дәрия,  
Желсіз күндей жай жатқан.  
Кейде соғып дарияға  
Ой-дауыл ғой оятқан.  
Дауыл ой соқса өкіріп,  
Ұйытқыр көңіл – дәрия.  
Толқыны көкке секіріп  
Тар көрінер дүния [2, 158].

Ақынның көңіл, ой құбылыстарын ғажап метафоралық өрнекпен бедерлеп бейнелеген өлең жолдарындағы дария, дауыл көңіл мен ойға үйлесімді түрде параллель келіп, көз алдымызға өте тамаша метафоралық сурет туғызып, дерексіз ұғымдар арқылы шындық болмыстың сипатына ие болып тұр. Ол өз заманының, дәуірінің тынысын ақындық сезім күйімен кемел толғап, көркем өрнектеген ақын.

Б. Күлеевтің «Жазғы дала» өлеңі философиялық-эстетикалық концепциясы тұрғысынан орыс ақыны Ф.И. Тютчевтің «күн-түн» тақырыбындағы өлеңдерімен ұқсас болып келеді. Бұл өлеңде жер – символ ретінде, яғни дәстүрлі түсінікте беріледі. Ақын қайталанбас жазғы дала көрінісін суреттейді:

Жалынды ерім,  
Тарқасын шерін,  
Бауырыңды жерге ал төсеп,  
Қайғылы жастар, мұнда кел,  
Жалғанда жұмақ жазғы жер [2, 38].

Бұл өлеңдегі жазғы дала – табиғаттың теңдесі жоқ сұлу көрінісі. Ақын романтикалық рухта жырлайды: Жазғы дала – жер бетіндегі өмірдің қаншалықты тамаша екенін көрсетеді; адам осыны түсінгенде, ерекше күшке ие болады, яғни туған жер – адам жанын тазартады, оған рух дарытады.

Б. Күлеевте күн – керісінше, қараңғы түн тәрізді қорқынышты, себебі адамға белгілі бір талаптар қояды, ал ақын оны саналы түрде қабылдағысы келмейді. Ақын шындық пен құпияның, ақиқат пен жасырынның, өмірге аяқ басқандар мен өмірден өткендердің арасындағы жер мен көктей сәйкессіздіктерді көре білді. Бұл сәйкессіздіктер, әсіресе, реакция жылдары асқына түсті. Өмір көрсеткендей, Бернияз өмір сүрген уақыт «қара күштердің» еншісінде болған еді.

Ақын өмір сүрген уақытта жеке тұлға мәселесі бұрынғыдай Жаңғыру дәуірі тұрғысынан емес, 20 ғасыр басына тән болып келген дүниетаным деңгейінде

қарастырылды. Ақын индивидуализмді сол уақыттағы, әсіресе, реакция жылдарындағы жеке тұлғаның қашып құтыла алмас құбылысы ретінде түсінді.

Б. Күлеевтің пікірінше, адамсыз, адамның араласуынсыз табиғат үйлесімді, тіпті саналы бола алады. Адамның шексіз проблемалары мен табиғат бастауының символы – түнгі сұлулыққа қол сұғу оның үйлесімділігіне нұқсан келтіреді.

Өзін өркениетті қоғамның мүшесі деп есептейтін адам түптің түбінде «түннің» мазмұнын айқындайды. Сонымен, «түн» – «күннің» бейнесі, «түнде» адам «күнінің» кескіні көрініс табады. «Жазғы дала» поэмасының өлең жолдары ақынның өркениетке қарсылығын көрсетеді. Бірақ бұл қарсылық жын-перілер емес, пантеистік: адам табиғат үйлесімін бұзатын күш ретінде бейнеленген. Аталмыш ақынның «Ойдағым» өлеңінде «ой» деген сөзді жандандырып, тірі құбылыс, құбылмалы мінез «бітіріп», қуса жеткізбейтін жүйрік ретінде суреттейді:

Әлі жүріп келемін әуре болып,  
Әлім бітіп, бір қызып, бірде тоңып.  
Жетсем, жаным көрсін деп рахатын,  
Жете алмасам, қалуға жолда солып [2, 11],

– деп, жүйрік ой адам көңіл-күйіне қалай әсер ететінін дәл түсіндіріп, әсем өрнектейді. Лирикалық бейне – саналы жастың ойы, көзқарасы ең алдымен өзін танудан бастау алып, өмірдегі орны мен мәні туралы толғаныстарымен астасып жағады.

Бернияз кейбір өлеңдерінде («Аңқыған гүлдің исінен», «Көңіліме», «Жас жүрегіме», «Қиял сөзі», «Жастық күнім») өзінің ішкі тәжірибесін нәзік және көркем кестелеуге тырысты. Алайда, ақынның осы кейбір шығармаларын қарасаңыз, жабығу белгілерін сезіну қиын емес. Мысалы:

Жас жүрегім жанба текке,  
Бола берме арманда.  
Өрлесең де жерден көкке,  
Жай табу жоқ жалғанда.  
Арманың көп, біту қайда?  
Айта берсең күні, түн.  
Тек мен білем, ах, не пайда?!  
Менен басқа тыңдар кім? [2, 34],

– дейді. Әрине, күңірене толғану, зарлана жырлау лирик-символист ақындарға тән қасиет десек, сол сарын бұл жолдарда айқын аңғарылады. Сондай-ақ, мұнда ойдың екі ұштылығы, яғни «екіұдайылық» пікір байқалады, яғни мұнда символизм ұшқыны сезіледі. Қазақ әдебиетіндегі символизм ағымының ең ірі өкілі – Мағжан болса, оның қатарына Берниязды да қоюға тиіспіз.

Жалпы, символизм әдеби ағым ретінде алғаш рет Еуропада 19 ғасырдың

аяғында, ал Ресейде 20 ғасырдың басында пайда болды. Символистер арасында Батыс Еуропа және Ресей ақындары бар: А. Рамбо, В. Иванов, В. Брюсов, А. Блок. Романтизм мен сентиментализмнен нәр алған бұл мектеп, ең алдымен, адамның ішкі әлемін дербес құбылыс ретінде дәріптеуімен, сезім еркіндігімен, жүйелеуді, бейнелік, ғарыштық мағынаны қажет етпейтін парасаттың сарқылмас сәулесімен сипатталады.

Б. Майтанов бұл ағымға: «Символизм – әдебиеттің алға шапқан арыстандай жасырын күші мен батыл арманы, жүзеге асқысы келген мүмкіндіктері, түсінген жанға пердесін алған тіршіліктің ешбір тыйымға қарамас ашық мұңы мен қасіреті» [3, 83], – деп баға берсе, символға теориялық тұрғыда анықтама берген З.Қабдолов болды. Яғни ғалымның түсіндіруінше, символ троптың бір түрі. Бір нәрсені, құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, оиды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру [4, 186].

Ең бастысы – Бернияз символды көп қолданған ақын. Оның өлеңде символ жиі ұшырасады. Белгілі бір зат я нәрсені құбылта суреттеу, ойын жасыра, құпия телу арқылы ақын өлеңдерін тамаша астармен береді.

Ақын тоты құс түсті көбелектің шамды айнала ұшқан кезін өте әсем бейнелейді. Сөйтеді де өз ойымен ұштастырады. Яғни отты ойыншық деп айнала ұшқан көбелек байқаусызда отқа түсіп, күйіп өледі. Ол құбылысты Бернияз былай суреттейді:

Гүілдеді, отты айнала ұшты ол,  
Сәуле тартып, кейде жалын құшты ол.  
Бір сүйіп от құшағына тартып ед,  
Өлі жар боп от ішіне түсті ол.  
Өмір от қой, мен көбелек айналған,  
Оттан ләззат аламын деп алданған.  
Жынды жастың от өмірмен ойнатып,  
Бал орнына уын ішіп сандалған [2, 159].

Өлеңдегі тоты құс түсті көбелек шамды айналып жүріп, мерт болды. Осылай ақын өзін сол көбелектің халіне түскенін айтады: «Бал орнына уын ішіп сандалған».

Бернияздың лирикалық қаһарманы көбіне көп өзін әуелі жалғанның күлін көкке ұшырып, содан соң қалауынша қайтадан жаратушы есебінде сезінеді. «Тәңірі – Тағдыр» (Бернияздың өз сөзі) күдіреті бұйыра қалса:

Қайта бастан ен нұрымды таратып,  
Жіберер ем жаңа бір жан жаратып.  
Жауыздық не, зұлымдық не – сездірмей,  
Беталысын ізгілікке қаратып.  
Аспанымнан өзгеше бір нұр төгіп,

Жаратар ем жерге жаңа түр беріп.

Жерім, шөбім, ойым, қырым мақлұғым.

Тұрар еді жаңа түрмен гүлденіп...» [2, 131]

– дегенді баяндайтын үзіктер – осының айқын айғағы.

Бернияз «Жаным, тәнім от боп жаралған» («Өзім – тәңірі») дейтін сөздерінен біз оның қайта тіріліп, қайта түлеуге иланатынын көреміз. Оның мысалдары мына секілді: «Жалғандағы жанғанымды // тәңірім сонда ескерер // қайта құйып бар қанымды // жан жаратып ес берер // («От – жалындай өртеп») «Жер жүзін, жалған төрін айнарлармын // Рухпен жаңа түрлі жанданармын» («Болар») т.б.

«Символистер жан мен жаратылысты жаңғырту үшін ілгерідегі рухани мұраларды да «қайта тірілтуді» қалады. Олардың бір абыройлы, азаматтың ісі – өз алдарындағы есімі мен еңбегі көп жағдайда ескерусіз қалған жыр жампоздарына құрметпен қарап, бұлардың шығармаларындағы идеялық көркемдік құпия қалтарыстарды жаңаша танып-түспегендігі» [5, 143], – дейді ғалым Амантай Шәріп өз еңбегінде.

Берниязда тіпті жербауыр сезімдер сөйлеп, тән тояты сипатталатын тұстардың өзі нақты детальдар арқылы емес, әлдебір мистикалық елес, қиялдағы тілек немесе түс кезіндегі оқиға ретінде көрінеді. Оның «Гүлэндәм» сияқты нақты адресаты қойылған өлеңдері де сирек.

«Жоқты сүйген, жоққа күйген // Мен – бер есер диуана» дейді ақын, мысалы, өзі «Қияли поэма» деп атаған – астары өмір шындығымен өзектес «Қайда екен?» шығармасында.

Осы ағымда қалам тартқан ақындар шынайы өмірдегі құбылыстарды құпиялай, оқырманын белгісіз әлем тұңғыығына жетелейді. Сондықтан да Б. Майтанов: «...белгісіздік – символизм эстетикасының жүрегі» деп өте әдемі айтқан [3, 86].

Белгісіздік – символизм эстетикасының жүрегі болса, қазақ әдебиетіндегі әсем, сыршыл лириканың нәзік жүрегі – Мағжан мен Бернияз.

Мағжан – өз уақытының тынысын, адамзаттың тұйыққа тірелген трагедиясын жүрегімен сезіне білген ақын. Осы тұрғыдан алғанда оған Бернияз жақын. Қос қазақ ақынының орыс символистерімен үндестігін байқау қиын емес. Мәселен, Б. Күлеев те өз заманының салқынын сезініп, ерте есейгендіктен де көңілдегі күдігін жасыра алмайды:

Қызғалдақтай қызық өмір,

Күні келсе солмай ма?

Еркін жүрген ерке көңіл,

Қайғы-зарға толмай ма?

Тасқан қайтып, толған солып,

Сарғайтпай ма сондай да.

Алтын жастық жалған болып,



«Ап» ұрар күн толмай ма? [2, 31],

– деп, жас ақын жаны тылсым дүние сырын білуге ұмтылғанмен, жабығу, торығу басым іспетті.

Ақынның кез-келген өлеңіне талдау жасасаңыз, көркемдік жағынан да, поэтикалық шеберлік жағынан да, өлең мазмұнынан да ерекше шеберлікті, тұңғық тереңдікті көресіз. Бернияз Күлеевтің поэзиясы ұлы Абайға және лирик Мағжанға өте ұқсас. Жас ақын осы екі ұлы тұлғаны өзіне ұстаз тұтты. Осы тұрғыдағы ізденіс іздері оның өлеңдерінен айқын көрінеді.

### **Қорытынды**

Сайып келгенде, өткен ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде осындай соны ізденістер әдеби байланыс негізінде өрістеді де, оның көріністері Шәңгерей, Мағжан, Бернияз шығармашылығынан айқын аңғарылды. Қазақ ғалымы Ш. Елеукеновтің сөзімен айтқанда: «Символизм – жүрек сөзі. Және оның жүйеленбеген, мүшеленбеген бұлдыр сана бақылауынан тыс тылсымдары. Фрейдистік ілім бойынша – бейсаналық (бессознательное). Ал, «жүрек әсерлерінен туған рәміздік нысандарда әлсін-әлі қоғамдық, идеялық сипатта жауапты қорытындылар бой көрсетіп қалады» [7, 108].

Шынында, өткен ғасыр басындағы қазақ поэзиясының көгінде ерекше көрінген, көңіл-күй әуенінің үлкен шебері болған Б. Күлеевтің шығармашылық тұлғасы ерекше зерттеуді қажет етеді.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 **Дүйсенбаев, Ы.** Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы : Ғылым, 1987. – 344 б.
- 2 **Күлеев, Б.** Таңдамалы шығармалар. – Алматы : Ғылым, 2000. – 284 б.
- 3 **Белый, А.** Символизм, как миропонимание. – М., 1994. – 428 с.
- 4 **Байтанов, Б.** Сөз сыны. (XX ғасыр әдебиетінің көріністері). – Алматы : Ғылым, 2002. – 344 б.
- 5 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 268 б.
- 6 **Шәріп, А.** Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы : Жазушы, 2000. – 336 б.
- 7 **Елеукенов, Ш.** Мағжан Жұмабаев. – Алматы : Жазушы, 1990. – 361 б.
- 8 **Жәмбеков, С. Б.** Күлеевтің ақындық мұрасы. – Алматы, 1997. – 35 б.
- 9 **Батырбекова, Р.** Асқақ жырлы ақиық ақын // кітапта: Күлеев Б. Таңдамалы шығармалары. – Алматы : Ғылым, 2000. – 284 б.
- 10 **Қанарбаева, Б.** Мағжан символист. Зерттеу. – Алматы : Экономика, 2007. – 288 б.

## References

- 1 **Dúisenbaev, Y.** Epos jáne aqyndar murasy. [Duysenbayev Y. Epos and the legacy of poets]. – Almaty : Nauka, 1987. – 344 p.
- 2 **Kúleev, B.** Таңдамалы shyǵarmalar. [Kuliev B. Selected works]. – Almaty : Nauka, 2000. – 284 p.
- 3 **Belyi, A.** Simvolizm álemdi túsiný retinde. [Bely A. Symbolism as a worldview]. – Moscow, 1994. – 428 s.
- 4 **Baitanov, B.** Sóz syny. (XX ǵasyr ádebietiniń kórinisteri). [Batanov B. Criticism of the word. (Literature of the twentieth century)]. – Almaty : Nauka, 2002. – 344 p.
- 5 **Qabdolov, Z.** Sóz óneri. [Kabdolov Z. Art of the word]. – Almaty : Kazakh University, 1992. – 268 p.
- 6 **Shárip, A.** Qazaq poeziasy jáne ulttyq idea. [Sharip A. Kazakh poetry and national idea]. – Almaty : Writer, 2000. – 336 p.
- 7 **Eleýkenov, Sh.** Maǵjan Jumabaev. [Yeleukenov Sh. Magzhan Zhumabayev]. – Almaty : writer, 1990. – 361 p.
- 8 **Jámbekov, S.** B.Kúleevtiń aqyndyq murasy. [Zhambekov S. The poetic heritage of B. Kuleyev]. – Almaty, 1997. – 35 p.
- 9 **Batyrbekova, R.** Asqaq jyrlı aqyq aqyn // kitapta: Kúleev B. Таңдамалы shyǵarmalary. [Batyrbekova R. The great poet // In the book: Kuleev, B. Selected works]. – Almaty : Nauka, 2000. – 284 p.
- 10 **Qanarbaeva, B.** Maǵjan simvolıs. Zertteý. [Kanarbaeva B. Magzhan symbolist. Researches]. – Almaty : Economy, 2007. – 288 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

*Э. С. Қурмангожаева<sup>1</sup>, С. Н. Сутжанов<sup>1</sup>, Б. Ш. Куралканова<sup>2</sup>*

**Элементы символизма в творчестве Бернияз**

<sup>1</sup>Алматинский университет менеджмента,  
Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Павлодарский педагогический университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

*I. S. Kurmahgozhaeva<sup>1</sup>, S. N. Sutzhanov<sup>1</sup>, B. Sh. Kuralkanova<sup>2</sup>,*

**Elements of symbolism in the work of Berniyaz**

<sup>1</sup>Almaty Management University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>Pavlodar Pedagogical university,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Material received on 10.12.20.

*В данной статье анализируется поэтика символов в лирике Бернияз Кулеева. Б. Кулеев – поэт-символист. Глядя на характер стихотворений поэта, мы убеждаемся, что его многогранная интимная лирика не родилась от эгоистичного, индивидуалистического умысла поэта. Если принято считать Магжана Жумабаева крупнейшим представителем казахского символизма, то и наряду с ним упоминается имя Бернияз Кулеева. Символизм как литературное течение впервые появился в Европе в конце 19-го века, а в России это течение впервые зародилось в начале 20-го века.*

*Поскольку изучение символизма в казахской литературе является сегодня одним из наиболее актуальных вопросов, в статье сделана попытка раскрыть элементы символизма через поэзию Бернияз Кулеева. Несмотря на небольшой объем, в статье изложены важные вопросы казахского символизма. Данная проблема не раз поднималась и освещалась в ведущих периодических изданиях и в различных научно-теоретических публикациях, все же авторы считают ее недостаточно изученной. В статье делается попытка провести небольшое литературное исследование художественных особенностей символизма в стихах поэта как одну из самых актуальных.*

*Ключевые слова: лирика, символизм, литературное течение, природа символа, образность, лирический образ.*

*This article analyzes the poetics of symbols in the lyrics of Berniyaz Kuleyev. B. Kuleyev is symbolist poet. If Magzhan Zhumabayev is considered to be the largest representative of Kazakh symbolism, then the name of Berniyaz Kuleyev is mentioned along with him. Symbolism appeared for the first time as a literary movement in Europe at the end of the 19th century, and in Russia this movement appeared at the beginning of the 20th century.*

*Since the study of symbolism in Kazakh literature is one of the most pressing issues today the article attempts to reveal the elements of symbolism through the poetry of Berniyaz Kuleyev. Despite the small scope, the article presents important issues of Kazakh symbolism. This problem has been repeatedly raised and covered in leading periodicals and in various scientific and theoretical publications, but the authors tend to consider it insufficiently studied. The article attempts to conduct a small literary study of the artistic features of symbolism in the poet's poems as one of the most relevant.*

*Keywords: lyricism, symbolism, literary trend, nature of the symbol, imagery, lyrical image.*

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz